

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі Хатшылығының төртінші отырысын өткізуге қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 24 сәуірдегі N 105-ө Өкімі 2006 жылғы 25 - 26 сәуірде Астана қаласында Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезінің Хатшылығы төртінші отырысының (бұдан әрі - отырыс) өткізілуіне б а й л а н ы с т ы :

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасына:

1) отырысты өткізуге 2006 жылға арналған республикалық бюджетте 006 "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен, оның ішінде:

отырысқа қатысатын делегациялар мүшелерінің 2006 жылғы 22 - 29 сәуір кезеңінде Астана және Алматы қалаларында қонақ үйде тұруына;

делегацияның мүшесі - ағылшын шіркеуінің епископы Николас Бейнске, епископтың хатшысы Ричард Марк Бейнске Лондон - Майндағы Франкфурт - Астана - Майндағы Франкфурт - Лондон; делегацияның мүшесі - Дүниежүзілік шіркеулер кеңесінің өкілі Ханс Укоға Женева - Майндағы Франкфурт - Астана - Майндағы Франкфурт - Женева; делегацияның мүшесі - АҚШ шіркеулері ұлттық кеңесінің халықаралық байланыстар жөніндегі директоры Шанте Премаварадханға Нью-Йорк - Майндағы Франкфурт - Астана - Майндағы Франкфурт - Нью-Йорк; делегацияның мүшелері - әл-Азхар жоғарғы имамының аппарат басшысы шейх Мұхаммад Кутб Хедраш-Шерифке және Ислам істері жөніндегі жоғары кеңестегі вакуфтар министрінің кеңесшісі Мұхаммед Әбделғани Морси Шамеге Каир - Стамбул - Астана - Стамбул - Каир бағыты бойынша көліктік шығыстарға;

делегацияның мүшелеріне Алматы - Астана - Алматы бағыты бойынша чартерлік рейстерге 16487038 (он алты миллион төрт жүз сексен жеті мың отыз сегіз) теңге с о м а с ы н д а қ а р а ж а т б ө л с і н ;

2) отырысқа қатысатын делегация мүшелеріне белгіленген тәртіппен қажетті жол жүру құжаттарын ресімдесін.

Премьер-Министр